

**Ж. Темірболатова, 3-курс  
Ғылыми жетекшісі: С. Қ. Алтайбаев, қылмыстық құқық және  
криминология кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды  
академиясы)**

## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЕСКЕРТУ**

Кәмелетке толмағандар қылмыстарының алдын алу — елдің болашақ азаматтарын тәрбиелеп өсіруде құқық тәртібін нығайту саласындағы басты міндеттердің бірі. Бұл міндетті шешу үшін қолданылатын шаралар жалпы қылмыстардың алдын алу амалдар жүйесінің бір бөлімі болып табылады. Әлеуметтік басқарудың айрықша түріне жататын алдын алу қызметін сипаттайтын барлық заңдылықтар кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алуға да тән.

Балаларды тәрбиелеу, олардың өнегелік, физикалық және интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау — кез келген қоғамның басты міндеті.

Кәмелетке толмағандардың жасаған қылмысының себептері ересектердің қылмысымен салыстырғанда қарым-қатынас кезінде, өзін-өзі танытуда және көшбасшылық жасауда қажеттілікпен ерекшеленетін өзіндік өзгешеліктері бар, бұл тұрақты топтардың пайда болуына себепші. Ең белсенді криминалды топтар тұрақты табыс көзі жоқ, жұмыссыз жасөспірімдерден, бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан кәмелетке толмағандардан, сондай-ақ аз қамсыздандырылған және жағдайы нашар отбасылардан шыққандардан құрылады.

Жалпы білім беру мекемелерінен үлгерімі төмен оқушыларды орта мектепті бітіргенше шығарып жіберу ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелерінің жағымды көрсеткіштерін қамтамасыз ету мақсатындағы кеңінен тараған құбылыстардың бірі болуда, бұл жұмысқа тұрмаған және оқымаған балалардың санын арттырады, нәтижесінде олар криминалдық беделділердің ықпалында қалады.

Кәмелетке толмағандардың пайдақорлық қылмыстарының нысаны өзгеруде, олар қазір, негізінен, бандитизм, бопсалаушылық, криминалдық бизнес, жезөкшелікпен айналысуда.

Сондықтан да мұндай қылмыстардың алдын алуда қандайда бір оң нәтижеге жету үшін бұл қылмыстарға итермелеп отырған факторларды білу керек. Елдегі демографиялық жағдайдың нашар екендігі даусыз, бірақ оны жақсарту мақсатында қарастырылып жатқан шаралар ойдағыдай емес, ауылдық жерлерде мүлде назардан тыс қалған. Белгілі бір кезеңде қоғамдық қатынастарға теріс ықпал ететін кейбір криминогендік факторларға ұзақ уақыт көңіл бөлінбеді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу мәселесі жалпы қылмыстан сақтандыру қызметінің ең маңызды аспектісі болуға тиіс. Ақыл-ойы, күш-қуаты жетіле қоймағандықтан, әлеуметтік мәртебесі толық болмағандықтан кәмелетке толмағандар айрықша көңіл бөлуді, көмекті қажет етеді. Сондықтан да олардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау және жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында қоғам арнайы іс-шаралар жүргізуі керек. Мұны біз Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінен, халықаралық құқықтың көпшілік таныған принциптері мен нормаларынан көріп отырмыз.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстары және оның алдын алудың ерекшеліктері пәнаралық сипаттағы кешенді проблема болып табылады, оны шешуде криминология, психология, педагогика, әлеуметтану және медицина сияқты ғылымдар маңызды рол атқарады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы пайдақорлық қылмыстылық проблемасына арналған ғылыми материалдар жеткілікті болғанымен, зерттеудің бұл бағыты өз маңыздылығын жоғалтпайды. Сондықтан да бұл осы бағыттағы зерттеулер қатарын одан әрі толықтыруға арналған мақаланың бірі болып табылады.

Отандық және шетелдік тәжірибе, статистикалық бақылау, теориялық зерттеулер мен жинақталған эмпирикалық материалдар негізінде кәмелетке толмағандардың пайдақорлық қылмыстарының алдын алу мәселесін айрықша бөліп алып қарастыру, кәмелетке толмағандарға қатысты сот-тергеу тәжірибесін жетілдірудің болашақтағы бағытын анықтау бұл мақаланың мақсаты болып табылады.

Бұл мақсатқа жету үшін келесідей міндеттерді атқару керек:

- отандық қылмыстық заңнама мен мемлекеттік институттардың кәмелетке толмағандардың қылмыстарымен күресте қол жеткізген жетістіктеріне тарихи шолу жасау;
- кәмелетке толмағандардың пайдақорлық қылмыстылығының анықтамасын беру;
- кәмелетке толмағандардың пайдақорлық қылмыстылығының шығу себептерін анықтау;
- кәмелетке толмағандардың пайдақорлық қылмыстылығының қазіргі сипаты және онымен күрестің жайы;
- кәмелетке толмағандардың қылмыстық іс-әрекеттерінің негізгі детерминанттарын айқындау;
- кәмелетке толмағандар арасындағы пайдақор қылмыстылықпен күресудің тетіктерін жасау және оған шаралар қолдану;
- кәмелетке толмағандар арасындағы пайдақор қылмыскерлерге криминалдық талдау жасау және олардың жеке бастарының ерекшеліктерін айқындау және т. б.

Кәмелетке толмағандардың арасында жасалатын қылмыстардың қоғамға қауіптілігі және жасөспірімдердің дұрыс қалыптасып дамымауы, криминологиялық зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, кәмелетке толмағандардың ішімдікке, нашақорлыққа, шылым тартуға және басқа да қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға алып келуде. Нәтижесінде жеткіншектердің арасында әртүрлі жұқпалы аурулар көбейіп кеткен, бұл құбылыс ертеңгі болашағымыз үшін аса қауіпті.